

## THEATRICAL ART

FTAXP 18.45.01

*Н.Р.Ескендиоров<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Қазақ ұлттық өнер университеті  
(Астана, Қазақстан)*

## ҚАЗАҚ КОМЕДИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ҰЛТТЫҚ ФОЛЬКЛОРДЫҢ ЫҚПАЛЫ

### Аннотация

*Мақалада автор қазақ театр өнеріндегі комедия жанрының қалыптасуына ұлттық фольклордың ықпалы туралы ойымен бөліседі. «Тойбастар», «Беташар», «Үйлену тойы», «Қыз қуу» дәстүрлері мен ойындарындағы жастардың әзіл-қалжыңдары, дау-дамайлары, сөз тартыстарының барлығында кездесетін комедиялық элементтерді зерттеген. Наурыз мерекесінде ойналатын ойындарға жан жақты тоқталған.*

*Сонымен қатар автор қоғамның саяси-әлеуметтік өзекті мәселелері бейнеленген сал-серілердің, ақын-жазушылардың шығармашылығын зерделей отырып, ондағы ұлттық фольклордың өзіндік иірімдеріне талдау жасаған.*

**Кілт сөздер:** *ұлттық дәстүр, комедия, фольклор, салт-дәстүр.*

*N.R. Eskendirov<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Kazakh National University of Arts  
(Astana, Kazakhstan)*

## INFLUENCE OF THE NATIONAL FOLKLORE ON THE FORMATION OF THE KAZAKH COMEDY

### Annotation

*In this article the author shares his thoughts on topical issues of Kazakh theater art. In the genre of the comedy of Kazakh theatrical art, shares the national folklore influence. In all games and ceremonies such as «Toybastar», «Betashar», «Yulenu Toyi» and «Kyz kuu», comedy elements of jokes, disputes and youth comports and great importance attached to the games of Nauryz holiday.*

*In the trophies of the sal-seri, poetic writers, the socio-political problems of society are investigated.*

**Key words:** *national traditions, comedy, folklore, traditions.*

*Н.Р.Ескендиоров<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский национальный университет искусств  
(Астана, Казахстан)*

## **ВЛИЯНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО ФОЛЬКЛОРА НА СТАНОВЛЕНИЕ КАЗАХСКОЙ КОМЕДИИ**

### **Аннотация**

*В этой статье автор делится своими мыслями о влиянии национального фольклора на формирование жанра комедии в казахском театральном искусстве. Во всех играх и обрядах, таких, как «Тойбастар», «Беташар», «Үйлену тойы» и «Қыз қуу», исследуются комедийные элементы шуток, споров и состязаний молодежи и большое значение придается играм во время праздника Наурыз.*

*Также автор анализирует влияние национального фольклора через изучение трюкачества сал-сері, поэтов и писателей, поднимающих актуальные социально-политические проблемы общества.*

**Ключевые слова:** *национальные традиции, комедия, фольклор, бытовые традиции.*

Ұлттық дәстүрдегі ең бір қызықты, ән-жырға бай формасымен ерекшеленетін дәстүр – үйлену тойы болып табылады. Мұнда орындалатын «Тойбастар», «Беташар» әндерінің күлкіге, әзіл-қалжыңға бағытталатын себебі, бұлар – жұбайлардың алдағы өміріне бақыт тілеуден, оларға ақыл-кеңес беруден туындаған жырлар. Осы «беташарда» бір жағынан – жаңа түскен келіннің алдағы өміріне тәрбиелік мәні зор өсиеттер айтылса, екінші жағынан – жаманды, қолында билігі бар сараң байлардың теріс әрекетін сынап, оларды қағытпа найзасына іле отырып, осындай жат қылықтардан аулақ болуға үйретеді.

Үйлену, қыз ұзату, келін түсіру тойларында қызықты, күлкіге толы көріністер өте көп. Ұрын келуден беташарға дейінгі аралықта басты кейіпкер қыздың немесе жігіттің жеңгесі болып табылады және оның атқаратын қызметі үлкен әрі жауапты. Соның бірі қалта қарау кәдесінде «Күйеу бала мен күйеу жолдас қалталарына қызға лайықты иіс сабын, айна, тарақ, иіс су, жүзік, білезік, т.б. заттар салып бару керек. Қыздың жеңгелері күйеу баланың қалталарын қарап алады да, қатар отырған адамдарға үлестіреді. Күйеу баланың жолдасының қалтасы да бос болмау керек. Құдаларды кіргізерде, не кіріп отырғаннан кейін «ұн жағу» кәдесі орындалады» [1, 206 б.]. Бірінен-бірі туындайтын мұндай кәделердің жөн-жоралғылық мәні зор болғанымен, мұнда да қағытпа, кекесіннің белгісі басым болып жатады. Негізінен, бұл жерде күйеуді сынау да бар. Қалтасы бос күйеуден немесе оның жолдасынан сұрағанын ала алмаған жеңгелер оны мінеп, күлкімен қағытып отырған. Демек, мұнда да комедиялық сарындардың функционалдық

белгісін байқау қиын емес. Үйлену тойында орындалатын әрбір ырым-жораларда театрлық элементтердің көрінетіндігін осындай комедиялық әрекеттерден аңғарамыз.

Негізінен қазақтың комедиялық элементтер мол кездесетін ұлттық ойындары – «Алтыбақан», «Көрші», «Ақсүйек», «Қыз қуу» және үйлену тойының дәстүрге айналған ойындары. Бұларда қатысушы кейіпкерлер өзара айтысып, қызды «саудалайды». Бұл дегеніміз – жігіт жақ қыз жақтың әзіліне әзілмен, қағытпасына кекесінмен ұтқыр жауап қатып, қайткенде қызды елдеріне алып қайту. Осы жерде суырып салмалық өнер, шешендік тапқырлық екі жақтан да талап етіледі. Осындай думанды, шулы, даулы ойындар жөнінде Б.Төтенаев: «Халықтың еңбек процестеріне және әдет-ғұрыптарына байланысты өткізілетін жиын-тойлардан басқа тағы бір көңіл көтеретін, ең қызықты мерекесі – үйлену тойы. Бұл тойда әдет-ғұрып, салт-санаға байланысты өткізілетін ойындарды қызықтаудың шегі болмайды. ...той үстіндегі өткізілетін әдет-ғұрып ойындарының бас кейіпкерлері – қыз бен жігіттің жеңгелері мен құрбы-құрдастары. Үйлену тойындағы дәстүрлі ойындардың ең негізгісі қызды шығарып салғандағы қыз кәде ойыны» [2, 119 б.], – десе, аталған ойынның орындалуын Ш.Хұсайынов пен Ы.Дүйсенбаев: «Білегін сыбанып, белін буынған, жалаңдаған жеңгелер мен омырауын ашып, өңешін созған жігіттердің ортасында басына сәукеле киіп ұзатылатын қыз тұрады. Әзіл сөз, айтыс өлеңмен жеңсең, қызды алып жүре бер, болмаса толық түрде кәдесін бер. Кәдеге көнбегендер күйеу қосшыны тарта жөнеледі. Суырыла сөйлейтін шешен жігіт пен ділмәр келіншек тартыса келіп, сөзге тоқтап, жолға жүгінеді. Қайсысыныкі дәлелді. Кімді кім жеңеді? Сәскеде аттанатын қыз ымырт жабыла, я болмаса ертеңінде үлкендердің бас алқа айтып, тоқтауымен әрең дегенде аттанады» [3, 85 б.], – деп түсіндіреді. Тапқырлықты, сөздің мәнін ұғынуды көздейтін бұл ойында айтылатын сөздер екі жақтың өздерін (қыз жақ қызды, жігіт жақ жігітті) мадақтауға арналған. Бұл үйленіп жатқан жастардың мінездерін, жақсы жар бола алатынын ашық түрде ортаға салатын ойын болып табылады. Сонымен қатар мұндай кәде ойындары тұтас ансамбльге негізделе отырып, сахналық қойылым үлгісін танытады. Астарлы ойға құрылған екі жақтың диалогы, мінездерді беруі, күлкілі іс-қимылдар, қызықты дау-дамайлар, сөз тартыстары – бұлардың барлығы сахнаға, оның ішінде комедияға сұранып тұрған дайын материалдар.

Барлық халықтардың, ұлттар мен ұлыстардың ата-баба жолы қалыптастырған гуманистік-мәдени болмысындағы қымбат қазына – олардың салт-жоралғылары мен әдет-нақыштары. Бүтін бір ұлттың таным-болмысын, өзіне тән жаратылысын зерттеген кейбір ғылыми

еңбектерде қоршаған орта мен табиғат, аспан мен жер арасындағы магиялық көзқарастар негізінде туындаған салт-жораларды діни әдет-ғұрыптар, маусымдық халықтық мерекелер және отбасылық той-томалақтар деп үшке бөледі. Онда: «Діни әдет-ғұрыптарға өте ертеден қалыптасқан түрлі ырым-сырым, наным-сенімдермен бірге зороастр, будда, шаман, ислам діндерінен енген рәсімдер жатады. Ал маусымдық мерекелерге жалпыхалықтық тойлар – жыл басы тойы – Наурыз, жаз тойы – Қымызмұрындық, күз мейрамы – Мизам (шопандар тойы мен сабантой), қыс тойы – Соғым енеді... Ал семьялық той-томалақтарға келсек, үйлену тойы, құрсақ шашу, қырқынан шығару, ат қойып, айдар тағу, тұсау кесер, тілашар, сүндет тойы, мүшел тойы, сапар тойы, жерлеу салттары осы топқа кіреді» [4, 5 б.], – делінген.

Соның ішінде тойлану, оған дайындық жасау процесі негізінде думанға, қызық пен күлкіге жақыны – Наурыз тойы болып табылады. Осы Наурыз тойын көптеген дәстүр-жоралардың басын қосқан синкретті-синтездік мереке деп айта аламыз. Сонымен қатар бұл той көптеген ұлттарға ортақ: гректерде «патрих», тәжіктерде «бәйшешек», «гүлнаурыз», хорезмдіктерде «наусарджи», татарларда «нардуган», буряттарда «сагаан сара», армяндарда «наварди», чуваштарда «норис ояхе» деп аталады екен. Бұл мерекенің философиялық астарында жамандықтан тазару, жақсылыққа аяқ басу жатыр. Мұнда ақындар айтысы, жыршылық өнермен қоса күрес, көкпар, аударыспак, қыз қуу, алтыбақан, т.б. сынды ұлттық ойындар орын алады. «Қазақ халқының өмірінде болып жатқан сан қилы оқиғаларды бастан-аяқ баяндап беретін ғасырлар бойы бірге жасасып келген әдет-ғұрып ойындар бар. ...Бұған жататын ойындардың негізгілері – «Наурыз» мерекесінде ойналатын ойындар. ...Осы мереке күні ойнайтын негізгі ойындар – «қалтырауық қамыр кемпір» және «ақ боран». Жалпы, қазақтың әдет-ғұрып ойындарының көпшілігі осы ойынмен басталады. Наурызда бұл ойындар екі жақтың тартысы арқылы ойналып, қыстың қысылшаң қаттылығын бейнелейтін болған» [2, 3-5 б.], – деп жазады қазақ ұлттық ойындарын, олардың орындалу, ойналу ерекшеліктерін жан-жақты зерттеген Б.Төтенаев. Бұл ойында «қамыр кемпір» және «ақ боран» тобы болып екіге бөлінген ойыншылардың табиғаттың өзгерісін баяндайтын сөз тартыстары олардың өзара келемеждеуіне құрылады. Демек, бұл ойындағы диалогтарда сықақтың, сатиралық-юморлық қағытпалардың орын алуы заңды.

Философиялық мағынасы биік осындай мерекеде орындалатын қазақ ұлттық ойындардың ішінде терең мәнге ие – ақсүйек, алтыбақан болса, көпшіліктің арқасын қыздырып, көңіліне шаттық беретіні – қыз қуу. Бұл – әлі күнге дейін өзінің мазмұнын жоғалтпай жалғасып келе жатқан бірегей ойын әрі мұны спорттық жарыс ойыны деп те

айта аламыз. Ерте «заманғы тәртіп бойынша жарыс жігіт пен оның қалыңдығы арасында өткізілген (біздің заманымыздан бұрын VIII-VII ғасырларда Қазақстанның территориясын жайлаған кейбір рулардың арасында осындай тәртіп болған). Егер жігіт жарыста жеңілсе, ол өзіне қойылатын талапты ақтай алмағаны үшін оның қызбен некелесуге хұқы болмаған. ...Егер қыз жеңілген деп табылса, қыз жағының келісімі бойынша, ешқандай қалыңсыз-ақ ол жеңген жігітке тұрмысқа шығады» [5, 187 б.]. Дегенмен қазіргі уақытта дәл мұндай талаптар орындалмаса да қыз қуудың ұлттық дәстүрлі ойындар қатарынан алатын орны өзгеше. Әрі бұл ойналу процесі кезінде орын алатын әрекеттердің көпшілікті өзіне еліктіріп әкетуімен қызықты.

Қызық пен күлкіге толы мұндай ойындар үлгісінің қай елдің болмасын рухани-мәдени өміріне азық болғандығы белгілі. Ойындардағы комедиялық сарындар қазақтың жоғарыда аталған халықтық ойындарында, шығыс ойындары – байси (Қытай) мен дэнгакуде (жапон), түріктің ұлттық ойыны – чехардеде, әзірбайжан ұлттық ойыны – човганда, өзбектің ұлттық ойыны – дарбозда, т.б. байқалады. Мәселен, дарбоз дегеніміз – аты айтып тұрғандай, биікке керілген арқанның (жіптің) үстімен жүріп, өнер көрсететіндер. Мәтінге емес, тек қана қимыл-қозғалысқа құрылған бұл ойынға қатысушы масқарабоз-сайқымазақтар мен музыканттар өзара әрекет диалогын тудырады. Сөйтіп, көрерменді қызықтырып, еліктіріп, кейбір билік өкілдерін немесе ел арасында кездесетін келеңсіз оқиғаларды әжуа-мазаққа айналдырады. Жалпы дарабоз ойнаушылар өздерінің ептілігімен, мимикасымен, шалт қимылымен ерекшеленеді. Оларда халықты күлдіру мақсаты басым тұрады.

Осындай көпшілік қатысатын ойын-той көріністері бірте-бірте театрлық элементтер ретінде айқындалып, қазақ сахна өнерінің қалыптасуы мен дамуына алып келді. Бұл туралы академик С.Қасқабасов: «Театрлық тұрғыдан және сахналық әрекетке жақындығы жағынан зор қызығушылық тудыратын ойындарға «қыз ойнақ» пен «хан жақсы маны?» жатқызуға болады. Бұлардың өздерінің «декорациялары», рөлдерді бөліп беру, орындаушылық ойын, жеке және екі дауыстағы әндер, орындаушыларға кеңес беріп, ережесін түсіндіретін, әрі қарай жалғастыруды басқаратын «режиссері» мен көрермендері бар» [6, 204 б.], – деп жазған. Расында нақты бір идеяға негізделген әрбір ойынның құрылымы, оның қатысушы кейіпкерлері: басты (бастаушы) ойыншы немесе қосалқы ойыншылар тобы белгілі бір мизансценаны құра отырып, әрекет етеді. Оларда екеуара диалог немесе хор, ән айтып, би билеу тәрізді өнер түрлерінің де орын алатыны анық. Ендеше ұлттық ойындардың барлығында дерлік театрлық-сахналық элементтер мол деп айта аламыз.

Қазақтың бай лексиконындағы сөздер, тіркестер мен теңеулер ерте кездегі шешендердің, жыршылар мен эпос орындаушылардың мәтіндерін байытып, дiттеген нүктесiне анық та ашық жетiп отырған. Түп тамыры тереңде жатқан қазақ поэзиясы әрбiр ширек ғасырлар, жүзжылдықтар дәуiрiнде, сол кезеңнiң саяси-әлеуметтiк құрылымына қарай өшпес мұра жасады. Әр ғасырда өмiр сүрген Майқы би, Бұқар тәрiздi шешендердiң, Асан қайғы, Қазтуған, Марғасқа, Шөже, Сүйiнбай, т.б. жыраулар мен Нұртуған, Қашаған, Өскенбай, Жамбыл сынды жыршы-термешiлердiң шығармашылығы халықшылдығымен ерекшеленедi. Олар қоғамдық-саяси келеңсiздiктердi, хан-сұлтандардың өрескел iстерiн бiрде салмақты сөздерiмен, ендi бiрде әзiл-қалжың (әзiл-шыны аралас) түрiнде астарлап жеткiзiп отырған. Ал, олардың iзiн жалғастырушылар К.Рүстембеков, А.Алматов, Б.Жүсiпов, Қ.Орашова, Б.Тiлеухан, т.б. жыршылық-әншiлiк өнерi бүгiнгi күн мәселелерiн көтеруiмен маңызды. Олардың қазiргi қоғамдағы орны туралы С.Қасқабасов өзiнiң зерттеуiнде: «Қазақ елiндегi неше түрлi сөз майталмандары (осы күнгi жыршылар, жыраулар, өлеңшiлер, ертеқшiлер, әңгiме-шежiрешiлер)» – ең алдымен ежелгi мұраны сақтаушылар. Олардың шеберлiк творчествосының басты ерекшелiктерi елдiң ежелгi мұрасы мен мәдениетiн бiлiп, түсiнумен бiрге сақтап, нақышына келтiре орындап, басқа адамдарға, көпшiлiкке таратуында, келесi ұрпаққа жеткiзуiнде, жеткiзе бiлуiнде. Бұл ерекшелiк тек психологиялық қасиеттерге, жаттау қабiлетiне, музыкалық талантқа, әсем дауысқа ғана байланысты емес, сонымен қатар сөз шеберiнiң iшкi өнерпаздық дарынына, халық поэзиясының нәрiн түсiне бiлуiне, оның сыр-сипатын, қасиетiн жақсы танып, толық меңгеруiне байланысты» [7, 42 б.], – деп жазады. Жыршылар мен жыраулардың ұлттық поэзиядағы орны белгiлi бiр шығарманы ұрпақтан-ұрпаққа жеткiзу функциясын ғана атқармайды, олардың қызықты сарындарды орындаудағы шеберлiктерi сынға алынады. Мұндай өнерпаздардың комедияға тән белгiлерi олардың бiр орында отырып-ақ қызықты ахуалды бастан кешiруiнен байқалады. Мәселен, белгiлi бiр кейiпкердiң бейнесiне енудегi қимыл-қозғалыстары, ойнақшыған көзқарастары, сөз астарын жеткiзудегi құбылмалы үнi, дауыс-дикциясының иiрiмдерi мен оралымдары, белгiлi бiр оқиғаны баяндаудағы мимикасы, т.б. әдiстерi театр өнерiмен үндесiп жатыр.

Сол сияқты «Эпос айтушы жыршылардың орындаушылық мәнерi орындау шеберлiгiмен (артистичность) ерекшеленген. Үлкен эпикалық шығармаларды ұмытпай, есте сақтап айта алатын жыршы расында да нағыз театр актерi iспеттi орындаған. Бiр жағынан, эпос айту барысы шығармашылық iзденiстi еске түсiрсе, екiншiден – бiр актердiң бiрнеше рөлде ойнауын, яғни, моноспектакльдi

елестеткен. Халық аңыздарын шебер орындаушылар жаттандыны жәй ғана қайталап қоймай, бейнеге кірген. Олар қимыл-қозғалыс, ым-ишаратпен, бет қимылымен эпос пен оның қаһармандарын бейнелеп, рөл бойынша әртүрлі әндер мен әуендерді айтқан» [6, 211 б.]. Расында, мұндай эпос орындаушылар мимикасының тез құбылып, қимыл-қозғалысының жылдам өзгеріске түсіп отыруы олардың дарынын, осы өнердің өзіндік спецификасын танытады. Сонымен бірге мұнда театрлық элементтердің көптеп кездесетінін жоққа шығара алмаймыз. Өйткені бұл – эпос орындаушылардан артистік өнерді талап ететін өнер. Көркем туындының халыққа анық жетуі жолында олар кәдуілгі актерлер тәрізді көп еңбектенеді, ізденеді. Дауыс-үннің тазалығы, ән-әуеннің айтылып жатқан шығарманың оқиғасына сай келуі, сол сияқты орындаушының эпос кейіпкерлерімен бірге өмір сүруі тәрізді көркемдік үрдіске негізделетін бұл өнерде сахналық суреттер көз алдыңызға келеді. Соның ішінде эпос айтушылардың бірнеше бейненің ролін жалғыз өзі орындауы, бір сәтте бірнеше күйді бастан кешірген тұстағы мимикалық құбылуы, жақсы мен жаманның, ескі мен жаңаның тартысын қызықты әрі күлкілі жеткізуі, шығармадағы байлар әрекетін әшкерелеу тұсындағы екпінді дауыс ырғағы – барлығы қосылып, комедияның жарқын көрінісін береді.

Қазақ фольклорының қызықты саласының бірі – бақсылық. Оның басты функциясы емшілік, демек оның әлеуметтік орны халық медицинасымен байланысты болып келеді. Бақсы мен бақсылықты жан-жақты зерттеген Е.Тұрсынов бұл туралы: «...бақсы ауру адамның жанын іздеп, дүниенің түкпір-түкпірлерін тексеріп қарап, көріп шығады, ол болашақта болатын жағдайларды көріп, біліп отырады, алыстағыны көреді» [8, 51 б.], – деп сипаттайды. Бұдан бақсының көріпкелдік те болмысын тани аламыз. Сол көріпкелдікпен бірге бақсының ауруды емдеп жазу кезінде орын алатын ішкі дүниесіндегі беймәлім мазасыздық, оның алас ұруы сырт көзге күлкі тудырады.

Негізінен бақсылықтың атқаратын функциясы туралы екі түрлі түсінік бар, олай болуы заңды да. Біріншіден – ол ауруды емдесе, екіншіден – оның қимыл-әрекеттерінде театрлық элементтердің молдығы байқалады, яғни оның фольклордағы орны күлкімен де тығыз байланысты. «Халық бақсының тәуіптігіне сену, оған емделумен қатар, оның бақсылық қасиеттеріне қызықсынып та қараған. ...Бақсының қобызға қосылған сарынынан бастап, «Жын шақыратын» жыры халық көзінде орындаушылық өнеріне айналады. Бақсы өзін қоршаған халықты күй, күйшілік қуатымен баурауға тырысады, сондықтан ол барлық үнімен жыр ырғақтарын жігерлі пайдаланады, әдемі даусына сыншылдық қосады, жалаңаш бұлшық еттеріне ойнақылық береді. Ал, жындардың аттарын атайтын кезіндегі дикция тіпті бөлек»

[9, 29-30 б.], – деп жазылған ғылыми еңбекте. Бақсылықтың театр өнеріне қатысы оның қарғаның қарқылдағанын, шағаланың шуылы мен торғайлардың шырылдағанын, масаның ызыңы мен аюдың ақырғанын келтіріп, түрлі үн шығаруынан байқалады. Олардың осындай неше алуан дыбыстардан құралған дауыс-үндері сахналық тіл сарынымен үндес келеді. Бақсы киім үлгісінің де өзгеше болып келетіні белгілі. Шашақталған желбегей жамылғыға ілінген неше түрлі тас-моншақтар оның бас киімінен де көрінеді. Қолына ұстайтын асатаяғы да түрлі сылдырмақтармен әшекейленген. Осындай бастан аяқ тұтас шашық-сылдырмақтармен көмкерілген костюмімен бірге бақсының жынын шақырып, түрлі дауыс-дыбыста үн шығаруында да комедиялық элементтер басым болып келеді. Мұндай бір актердің театрына тән әрекет-қимылдарға бай бақсылықты театрлық-сахналық өнердің алғышарты ретінде қарастырамыз.

Бақсылардың өлең айтудағы өзгеше мәнерінде де, бірде еңкейіп, енді бірде шалқайып, аруақтарын шақырып, секіріп билеуінде де, шебер әрі шалт қимыл-қозғалысында да драмалық ойынның үлгісі бар. Сонымен бірге олардың іс-әрекетінде цирк өнерінің элементтері де жоқ емес. Мәселен, темірді отқа қыздырып жалау, оттың үстінде ойнау, өз-өзіне қанжар сұғу, кәдуілгі көзбояушылар (фокусшылар) тәрізді бір затты жасырып, оны жоқ ету, әйелдің киімін киіп бақсылық жасау, т.б. Жоғарыда айтқандай емшілік, көріпкелдік қасиеті театр және цирк өнерінің штрихтарымен астасып жататын бақсылықтың қимылдарынан күлкінің белгілері өз-өзінен туындап отырады. Осындай көпфункционалы сипаты театр өнерімен байланысты болғандықтан, бақсыны сахналық кейіпкер ретінде тани аламыз. Жалпы бақсылардың әрбір қараған көзқарасы, олардың жұртты өзіне еліктіріп немесе үркітіп отыратын құбылмалы қимылдары қазақ театрының алғашқы қалыптасу кезінде ел арасынан шыққан өнерпаздар репертуарының маңызды бөлігінің бірі болып табылды. Демек, бақсылық элементтерінің ұлттық театр өнерін жасауға қосқан үлесі салмақты.

Түркі жұртының бір тармағы саналатын қазақ халқында, оның тегі мен болмысында сал-серілердің де орны бөлек. Олардың да төңірегіндегілермен қарым-қатынасы және әлеуметтік орнындағы ерекшеліктер күлкіге толы болып келеді. Бұларға «Әдебиеттану. Терминдер сөздігінде»: «Сал-сері – сегіз қырлы, бір сырлы, яғни әнші, күйші, ойыншы, күлдіргіш, композитор, би, спортқа бейімі ерекше үздік жаратылған өнерпаз. Олар – халық мәдениетінің көрнекті өкілдері. Сал мен сері әншілік, ақындық өнері жағынан ұқсас болса да, мінез-қылығы, киім-киісі, жүріс-тұрысы жағынан өзгешелігі болған. Сал оғаш мінез көрсетуге бейім келеді. Ол ауылдың, не



үйдің сыртында атынан түсіп, жер бауырлап жатып алады. Оған қыз-қырқындар келіп, басын көтеріп, шаңыраққа кіргізеді. Тамақты өзі ішпейді, қыздар ішкізіп-жегізуді міндетіне алады...

Сал-серілік өнердің негізін салып, қалыптастырып, өркендетушілер: Дәстем сал мен Дүйсен сері. Бұл ретте Сегіз серінің (1818-1854):

Өтіпті бізден бұрын Дүйсен сері,  
 Болыпты күнде думан жүрген жері.  
 Сол ердің үлгілі ісін жалғастырған,  
 Керейде менің атым  
 Сегіз сері, – деген сөзі дәлел.

...Сал мен серілер поэзиясының тақырыптары да ұқсас. Сондықтан да осынау әнші ақындардың творчествосын бөліп-жара қарастырудың реті жоқ. ...Олар махаббатты, жастық шақты, ой-сезім дүниесін толғайды» [10, 292-293-294 б.], – деген нақты анықтама берілген. Бір өзінде бірнеше өнердің синтезі ұштасқан сал-серілердің шығармашылығы, олардың қоғамдағы әлеуметтік орны үнемі күлкі тудырып отыруымен ерекшеленеді. Олардың жүріс-тұрысы, әрбір қимыл-қозғалысы, ән орындауы мен қасына өзі сияқты өнерпаздарды ертіп жүруі тұтас сахналық ансамбльді меңзейді. Бұларды халық арасынан шыққан дайын артистер, жүрген жері күлкі мен думанға толы комедия өкілдері ретінде тани аламыз. Өткен ғасырларда өмір сүрген бұл өнерпаздардың бойында көпшілікті еліктіргіш, шынайы күлдіре алатын қасиет болған. Комедияның өзіндік талаптарына тән бояулар олардың әрбір қадамынан аңғарылып отырады.

Осы сал мен серілердің халық арасындағы негізгі әлеуметтік орны, ұстанымы, шығармашылығы ұқсас болғанымен олардың айырмашылығы да жоқ емес. Жоғарыдағы еңбекте серілер туралы: «Салдардан серілердің өзгешелігі мынау: серілерде өрескел мінез, ерсі, оғаш қылық болмайды. Мейлінше, сыпайы, орнықты, ибалы, сәнді киімге, бекзаттыққа үйір» [10, 293 б.], – деген жолдар бар. Демек, бұлар салдарға қарағанда ақылға бай, парасаты мол болып келеді. Олардың шығармашылығында, өздерінің күнделікті өмір сүру дағдысында сыпайылық, салмақтылық орын алғанымен серілік табиғаты күлкімен астасып жатады. Әсіресе, ғашықтық сезімге бай олардың қыздарға арнаған өлеңдеріндегі қызықты тіркестер серілер өмірінің думанды көрінісін байқатады.

Қазақ топырағында Біржан сал, Дәурен сал, Нәтжан сал, Төлебай сал, т.б. өнерпаздардың өмір сүргендігі белгілі. Солардың барлығы да халық арасында суырып салма ақындығымен, жезтаңдай әншілігімен, сөз тапқыш шешендігімен әрі жомартығымен танымал. Негізінен ел арасында салдарды халық еркесі ретінде тану ұғымы бар.

Халыққа етене жақын, солардың мұнын мұндап, жоғын жоқтаушы салдар ауыл шетіне келгенде аттан құлайды екен. Дәстүр бойынша сол ауылдың қыздары келіп, көтеріп киіз үйге апаруы тиіс болған.

Сонымен қатар бұлардың киімдері де өздерінің жүріс-тұрыстарына қарай өзгеше болып келеді. Олар жүрген жерлерінде күлкі мен думан басым болуы үшін киім үлгілеріне де аса қатты мән берген. Мұны: «Барқыт шапан кисе, бір жақ өңіріне жібек салдырады, сегіз сайлы қалпағының әр сайы әр түстен болады. Бірі ақ, бірі көк болса, бір сайына құрым шоқпыт, енді бір сайына қамзауи қазанғап сырып, айнала тұрмысына бат құндыз ұстатып, жағасына қара ешкі тірісін салады. Жұрт күлу үшін киімінің әр жеріне әдейілеп түлкі, мәлін құйрығы, жылан терісі секілді көзге тосын көрінер нәрселер тағып, екі иығына үкі аяқтарын моншақ қосып қадап қояды» [4, 209 б.], – деген жолдардан аңғару қиын емес. Осындай киім эскиздері, жалпы сал-серілердің сыртқы формасы көркем шығармаларда да әдемі суреттеледі. Мұны тарихи-этнографиялық деректерге сүйеніп айтылған бейнелеу десек, салдардың ел арасында сауықшылдығымен, сылқымдығымен, кербездігімен танылған таланты да, дарыны да өзгеше өкілдер екендігін байқаймыз.

Соның ішінде жүрген жері думанға бай, сауықшыл, Арқа жерінде әншілік өнердің өзіндік дәстүрін қалыптырған Біржан сал есімінің қазақ фольклорында алатын орны ерекше. Әнші, ақын әрі композитордың «Жамбас сипар», «Ақсеркеш», «Көлбай-Жанбай», т.б. өлеңдерінде әзілмен қағытпа әдемі бедерленеді. Жалпы өнердің барлық түрі (әншілік, шешендік, т.б.) бір бойына жиналған сал-серілердің ел аралап жүрген жүрістерінің өзі келісті мизансценаға құралғандай әсер береді. Олардың репертуары, суырып салмалық, шешендік және айтыс өнеріне жақындығы тұтасымен сахналық қойылымға негізделген. Сал-серілердің белгілі бір нысанаға бағытталған өлең жолдарынан, мизансценалары (ауыл-ауылды аралаған кезіндегі жүріс-тұрыстары) мен өзара диалогтарынан комедияның белгілерін байқау қиын емес. Негізінен халық арасынан шыққан мұндай өнер өкілдері тек сол халықтың тұрмысымен біте қайнасып, солардың жоғын жоқтаушы ретінде көрінген. Яғни, сал-серілер ел арасындағы келеңсіздіктерді, болымсыз оқиғаларды, әлдінің әлсізге көрсеткен астамшылдығын сықақпен, қағытпа өлеңдермен және тапқыр әрі астарлы сөздерімен-ақ әшкерелеуші болып табылады.

Сонымен, қазақтың салты мен дәстүрі, көшпенді елдің рухани-мәдени қайнар көзі болып қалыптасқан тұрмыс-тіршілігіне тән ғұрыптары тұтасымен кешеден бүгінге жетіп, ұлттық мәдениет пен халықтық мұралардың мол тізбегін құрап отыр. Осыны таразылай келе, біз бүгін қазақ тұрмысында комедияның әлеуметтік функциясының

зор екендігіне көз жеткіздік. Бұл жаратылысынан, табиғатынан сөзге, сол сөздің астарына үлкен мән беретін қазақ халқының тіршілігімен, тұрмысымен біте қайнасқан және тікелей байланысты жанр болып табылады. Сонымен қатар мұны ақындық, шешендік, суырып салма тәрізді сан алуан өнер табиғатының бояуын қанықтырып көрсететін, рухани-моральдық сипатқа ие маңызды әрі мазмұнды жанр деп айта аламыз. Қазіргі уақытта қазақтың бай фольклоры бізге осыны дәлелдеп беріп отыр.

#### Әдебиеттер:

1. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: біртұтастығы және ерекшелігі. – Алматы: Арыс, 2005. – Т. 1. – 328 б.
2. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Қайнар, 1994. – 144 б.
3. Хұсайынов Ш. Өнер өрімдері. Мақалалар, әңгімелер, пьесалар, киноповестер, сценарийлер, аударма. – Алматы: Өнер, 1991. – 496 б.
4. Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер. Құрастырған М.Қазбеков. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 256 б.
5. Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл. Әдеби-этнографиялық таным. – Алматы: Санат, 1994. – 240 б.
6. Қазақ өнерінің тарихы 3 томдық. – Алматы: Арқас, 2006. – Т. 1. – 394 б.
7. Қасқабасов С. Елзерде. Әр жылғы зерттеулер. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 504 б.
8. Тұрсынов Е.Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Қазақ ССР «Ғылым» баспасы, 1976. – 200 б.
9. Қазақ театрының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1975. – Т. 1. – 400 б.
10. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құрастырушылар З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.

#### References:

1. *Qazaq halqynyn dasturleri men adet-guryptary: birtytastygy zhane ereksheligi.* – Almaty: Arys, **2005.** – T. 1. – 328 b. (In Kazakh)
2. Totenaev B. *Qazaqtyn ulttyq oiyndary.* – Almaty: Qajnar, **1994.** – 144 b. (In Kazakh)
3. Husajynov Sh. *Oner orimderi. Maqalalar, angimeler, p'esalar, kinopovester, scenarijler, audarma.* – Almaty: Oner, **1991.** – 496 b. (In Kazakh)
4. *Nauryz: zhangyrgan salt-dasturler. Qurastyrgan M.Qazbekov.* – Almaty: Qazaqstan, **1991.** – 256 b. (In Kazakh)
5. *Kujeu keltir, qyz uzat, tojyndy qyl. Adebi-etnografijalyq tanym.* – Almaty: Sanat, **1994.** – 240 b. (In Kazakh)
6. *Qazaq onerinin tarihy 3 tomdyq.* – Almaty: Arqas, **2006.** – T. 1. – 394 b. (In Kazakh)
7. Qasqabasov S. *Elzerde. Ar zhylgy zertteuler.* – Almaty: Zhibek zholy, **2008.** – 504 b. (In Kazakh)
8. Tursynov E.D. *Qazaq auyz adebietin zhasaushylardyn bajyrgy okilderi.* – Almaty: Qazaq SSR «Gylym» baspasy, **1976.** – 200 b. (In Kazakh)
9. *Qazaq teatrynyn tarihy.* – Almaty: Gylym, **1975.** – T. 1. – 400 b. (In Kazakh)
10. *Adebiettanu. Terminder sozdigi. Qurastyrushylar Z.Ahmetov, T.Shanbaev.* – Almaty: Ana tili, **1998.** – 384 b. (In Kazakh)